

ҒТАХА 16.31.51

DOI: <https://doi.org/10.62724/202530206>

Раманова Айгул Абибуллаевна*¹

Филология ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, ramanova2008@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-2226-3704

Набиева Сандугаш Шандыбаевна²

Қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, nabieva_72@bk.ru

ҚАЗАҚ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктердің тарихи, мәдени және әлеуметтік негіздері жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – ерлер мен әйелдер тілінің құрылымдық, семантикалық, прагматикалық және бейвербалды қырларын айқындап, олардың ұлттық дүниетанымдағы орны мен қызметін көрсету. Жұмыста мазмұндық талдау, салыстырмалы, әлеуметтік-лингвистикалық, мәдени-тарихи, этимологиялық әдістер кешені қолданылды. Мақалада халық ауыз әдебиеті үлгілерін, фольклорлық мәтіндерді, көркем әдеби шығармаларды және этнолингвистикалық деректерді талдай отырып, гендерлік ерекшеліктердің тілдегі көрінісін жүйеленді.

Зерттеу нәтижелері қазақ қоғамындағы ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдері олардың сөйлеу стилінде, сөздік қорында, бейвербалды амалдарында нақты көрініс табатыны дәлелденеді. Ерлердің тілінде қысқалық, нақтылық, батылдық басым болса, әйелдердің сөйлеуінде нәзіктік, эмоциялық рең, ізеттілік айқын аңғарылады. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердегі гендерлік мазмұн ұлттық мәдени код пен әлеуметтік стереотиптерді бейнелейді. Қазіргі қоғамда бұл айырмашылықтар жұмсарып, жаңа коммуникативтік ортада (әлеуметтік желілер, кәсіби дискурс) жаңа сипатқа ие бола бастағаны атап көрсетілді.

Зерттеу нәтижелерін этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, мәдениеттану, фольклортану салаларында, сондай-ақ тіл оқыту әдістемесінде қолдануға болады.

Кілт сөздер. Гендерлік лингвистика, сөйлеу ерекшеліктері, ерлер тілі, әйелдер тілі, бейвербалды амалдар, этнолингвистика, қазақ дүниетанымы, мәдени код.

Раманова Айгул Абибуллаевна*¹

Кандидат филологических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, ramanova2008@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-2226-3704

Набиева Сандугаш Шандыбаевна²

Магистр казахского языка и литературы, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, nabieva_72@bk.ru

ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКОЙ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ

Аннотация. В данной статье всесторонне рассматриваются исторические, культурные и социальные основы гендерных особенностей казахской разговорной речи. Основная цель исследования – выявить структурные, семантические, прагматические и невербальные аспекты мужской и женской речи, а также показать их место и функцию в национальном мировоззрении. В работе применялся комплекс методов: контент-анализ, сравнительный, социолингвистический, культурно-исторический и этимологический. В статье на материале устного народного творчества, фольклорных текстов, художественных произведений и этнолингвистических источников систематизировано проявление гендерных различий в языке.

Результаты исследования доказывают, что социальные роли мужчин и женщин в казахском обществе находят конкретное отражение в их речевом стиле, словарном запасе и невербальных средствах. В мужской речи преобладают краткость, точность и решительность, тогда как в женской – нежность, эмоциональная окрашенность и вежливость. Кроме того, гендерное содержание, отражённое в пословицах и фразеологизмах, воплощает национальный культурный код и социальные стереотипы. Отмечается, что в современном обществе данные различия смягчаются и приобретают новые черты в условиях новых коммуникативных сред (социальные сети, профессиональный дискурс).

Результаты исследования могут быть использованы в этнолингвистике, социолингвистике, когнитивной лингвистике, культурологии, фольклористике, а также в методике преподавания языка.

Ключевые слова. Гендерная лингвистика, особенности речи, мужская речь, женская речь, невербальные средства, этнолингвистика, казахское мировоззрение, культурный код.

Ramanova Aigul Abibullaevna^{*1}

Candidate of philological Sciences, West Kazakhstan innovation and Technology University, Uralsk, Kazakhstan, ramanova2008@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-2226-3704

Nabieva Sandugash Shandybayevna²

Master of Kazakh language and literature, West Kazakhstan innovation and Technology University, Uralsk, Kazakhstan, nabieva_72@bk.ru

GENDER FEATURES OF KAZAKH SPOKEN LANGUAGE

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the historical, cultural, and social foundations of gender features in Kazakh spoken language. The main objective of the study is to identify the structural, semantic, pragmatic, and non-verbal aspects of male and female speech, as well as to reveal their place and function in the national worldview. The research employs a set of methods, including content analysis, comparative, sociolinguistic, cultural-historical, and etymological approaches. Based on oral folklore, folk texts, literary works, and ethnolinguistic sources, the article systematizes the manifestation of gender differences in the language.

The findings of the study demonstrate that the social roles of men and women in Kazakh society are clearly reflected in their speech styles, vocabulary, and non-verbal means of

communication. Male speech is characterized by brevity, precision, and assertiveness, while female speech is distinguished by gentleness, emotional expressiveness, and politeness. Moreover, the gender-related content found in proverbs and phraseological units embodies the national cultural code and social stereotypes. It is noted that in modern society these distinctions have become less rigid and are acquiring new features in contemporary communicative environments such as social networks and professional discourse.

The results of the research can be applied in ethnolinguistics, sociolinguistics, cognitive linguistics, cultural studies, folklore studies, as well as in language teaching methodology.

Key words. Gender linguistics, speech features, male speech, female speech, non-verbal means, ethnolinguistics, Kazakh worldview, cultural code.

Кіріспе. Гендерлік болмыс ғасырлар бойы халықпен бірге дамып отырады деуге болады. Қазақ халқының гендерлік дүниетанымы да сол тарихи тәжірибенің нәтижесі болып табылады. Қазақ тіл білімі ғылым ретінде қалыптасқанға дейін тілдегі гендерлік бірліктер лингвистикалық тұрғыдан қарастырылмаған, бірақ ол туралы мәліметтер ауыз әдебиеті мен мәдениетке қатысты еңбектерде екі жыныстың сипаттамасы ретінде жазылып отырған. Қазақ тіл білімінде гендерлік құбылыстарға назар аударудың ежелден келе жатқан дәстүрі бар: мысалы, Ш.Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин сияқты көрнекті ғалымдардың еңбектерінде гендерлік факторлар ескерілген.

Ағартушылық мәдениеттің өзегінде адам тұлғасы тұрды. Шоқан Уәлиханов басқаларды «дала адамының» болмысымен таныстыру міндетін қойды. Осы жолда ол қазақ және қырғыз халықтарының аңыздарын, әдет-ғұрыптарын, діни нанымдарын, тілдерін жан-жақты зерттеді. Ғалым қазақ арасында ежелден кең тараған құдайға сену мен шамандықтың маңыздылығына тоқталып, ислам дінінің мәдени тұтастықты қалыптастырушы қызметін де атап өтті. Оның «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары», «Қашқарияға сапар жазбалары», «Даладағы мұсылмандық туралы» және басқа да еңбектері қазақтардың және басқа түркі халықтарының мәдениетін энциклопедиялық деңгейде талдауды көздейді. Бұл еңбектерде жыныстың мәдени-элеуметтік мәнін айқындайтын бай тілдік материалдар да бар. Мәселен, ол әйел тілінің дәстүрлі табиғатын мынадай мысалмен түсіндіреді: «Қазақ ұғымында от – үйдің киесі, шам-шырағы, сондықтан жаңа түскен келін үлкен үйдің отына тағзым етуге тиіс. Бұл салт моңғолдарда неке қию рәсімі кезінде орындалады. Ал қазақтарда отқа табыну дәстүрлері әлсіреп, ұмытыла бастағаны аңғарылады» [1, 158-бет].

Гендерлік дәстүрдің түп-тамыры ежелгі дәуірден бері тұрақты түрде сақталып келе жатқан әдет-ғұрыптарда, салт-дәстүрлерде, мәдени және тілдік құндылықтарда жатыр. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін зерттей отырып, олардың мәнін ғылыми тұрғыдан талдап, қайсысының тәрбиелік күші зор екенін анықтауға баса назар аударды. Салт-дәстүр құндылығын тиімді тәрбие құралына айналдыруға, мәнін ашуға ұмтылды. Сонымен қатар, қазақ тілінде қалыптасқан гендерлік тақырыпқа байланысты бірқатар мақал-мәтелдердің де Ыбырай Алтынсарин шығармалары арқылы халық арасына кеңінен тарағаны байқалады. Мысалы, : «Ерлер көп болса – отын жоқ, әйелдер көп болса – су жоқ», «Жан жолдасың – жарың», «Ер – бас, қатын – мойын», «Ұятсыз қатын тұзсыз ас іспетті», «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу» және басқа да кең тараған мақал-мәтелдер халықтың түсінігін көрсететін тілдік деректердің ауқымын білдіреді [2].

Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасы қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистикаға қатысты алғашқы түсініктердің қалыптасуына зор ықпал етті.

А.Байтұрсынұлы шығармаларында гендер ұғымы дәстүрлі атаулар аясында емес, ер мен әйелдің сөйлеу ерекшеліктері арқылы қарастырылды. Ол «жар-жар», «беташар», «жоқтау», «бата» сияқты дәстүрлі өлеңдерді «ғұрып сөзі» мен «қалып сөзіне» қарай гендерлік тұрғыдан талдаған. Ғалымның пікірінше, кейбір өлеңдер тек қана әйелдерге қатысты (мысалы, «бесік жыры», «жоқтау») болса, енді біреулері ер адамдарға қатысты (беташар, «бата») болып келеді. Мысалы, «жоқтау» – әйелдердің орындауындағы зарлы жыр, мұнды өлеңмен білдіретін жаназа өлеңі; ал «бата» көбінесе үлкендердің ақ тілегі, ұрпаққа үлгі қалдыру түрі [3, 428-бет].

Қазақ қоғамындағы ерлер мен әйелдердің әлеуметтік, экономикалық және діни факторларға, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге байланысты сөйлеудегі айырмашылықтары күні бүгінге дейін сақталып келеді. Бұл да тілімізде айқын із қалдырды.

Гендерлік ерекшеліктер туралы тұжырымдар XVIII ғасыр антропологтары мен XIX ғасыр этнографтарының еңбектерінде қысқаша айтылғанымен, тек XX ғасырда ғалым Қ.Жұбановтың зерттеулері арқылы нақты тілдік сипатқа ие болды. Осы тұрғыда Б.Хасанұлы Қ.Жұбанов мұрасын талдай келе, оның еңбектерінде қазақ әйелдерінің тілдік ерекшеліктері алғаш рет гендерлік-лингвистикалық тұрғыдан қарастырылғанын айтады [4]. Ғалым Қ.Жұбанов жалпы тіл білімінде қалыптасқан «ер тілі», «әйел тілі» ұғымдарының тілдік деректер арқылы нақтылануы мен ұлттық гендерлік болмыстың тілдегі көрінісін анықтап көрсете білген.

Қазақ әйелдерінің сөйлеу ерекшеліктері туралы алғашқы нақты гендерлік талдау үлгілері Қ.Жұбановтың еңбектерінде кездеседі. Ғалым әйелдерге тән тілдік ерекшеліктер бар екенін, жүйелі болмаса да, айқын байқалатынын көрсетеді. Ол әйелдерге ғана тән ым-ишараға мысалдар келтіреді: «кемсіткенде ернін шығару», «ұялғанда бетін шымшу», «таңданғанда аузын шылып еткізу», «кекеткенде аузын быртылдату». Зерттеушінің пікірінше, бұл әрекеттердің соңғы екеуінде ым-ишара ғана емес, дыбыстық белгі де бар, бірақ олар толыққанды дыбыстар болып саналмайды [5].

Бұл деректер қазақ әйелдерінің тілдік мінез-құлқын анықтайтын ұлттық мәдени кодтағы гендерлік белгілердің тілдік және паралингвистикалық көрінісі ретінде бағаланады.

Гендертану ғылымының қазақ тіл білімінде дербес академиялық сала ретінде пайда болуы 20 ғасырдың аяғында, дәлірек айтсақ, 21 ғасырдың алғашқы жылдарында басталды. Осы кезеңде қазақ тіліндегі гендерлік мәселелер жекелеген ғалымдардың еңбектерінде арнайы қарастырыла бастады, мақалалар жарияланды, конференцияларда баяндамалар ұсынылды.

Соңғы жылдары жарияланған жұмыстардың мазмұны қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистикаға деген ғылыми қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Гендерлік лингвистикалық ерекшеліктер жеке зерттеу нысаны ретінде айқындалды және осы бағытта бірқатар ғылыми мақалалар мен диссертациялар жазылды. Атап айтқанда, Б.Хасанұлының еңбектері назар аударарлық, ғалым гендерлік лингвистика, әйелдер тілі, қыз баланың сөйлеу әдебі, сондай-ақ Мәшхүр Жүсіп Көпейұлының еңбектеріндегі гендерлік аспектілер туралы мақалалар жариялады [6]. Сонымен қатар, тілдегі гендерлік қарама-қайшылықтарды қарастырған З.К. Сәбитова, тілдегі «ана» концептісін контрастивтік-лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеген Н.М. Жанпейісова, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің морфологиясын гендерлік жақтан

салыстырмалы түрде талдаған З.Ж. Түйебековалардың зерттеулерін ерекше атап өтуге болады.

Бұл тізімге З.М. Нұржанова, Г.Б. Мамаева, В.Д. Нарожная, О.Л. Сохатская, Г.К. Исмағұлова, және А.Т. Оңалбаева сияқты ғалымдардың да еңбектерін атауға болады. Бұл зерттеулер қазақ тіл білімінде гендерлік көзқарастың кеңінен таралып, ғылыми тұрғыдан қарастырыла бастағанын дәлелдей түседі.

Қазақ тіл білімінде гендерлік лингвистиканың дамуына ғалым Г.Шоқымның қосқан үлесі зор деп айта аламыз. Ғалым осы бағытта үлкен зерттеу еңбегін жазып, бірнеше докторлық диссертациялардың сәтті қорғалуына жетекшілік етті. Ғалымның пайымдауынша: «лингвомәдениеттанулық бағытта феминдік және маскулиндік таптаурындардың (стереотип) тілдегі көрінісі, «еркектік» (мужественность) және «әйелдік» (женственность) тұжырымжасам, гендерлік метафоралар қолданысы (еркектік немесе әйелдік мағынасының жынысқа қатыссыз заттар мен құбылыстарға ауыстырылып қолданылуы) және мәдениетаралық қатысым деңгейінде т.б. зерттеулер жүргізілуде» [7, 23-бет].

Зерттеу еңбектеріне сүйене келе, қазақ тіл білімінде гендерлік бағыттың қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен төмендегіше маңызды факторларды атап көрсетуге болады:

Біріншіден, **саяси-әлеуметтік фактор**. Қоғамдағы саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер қоғамдық сананың жаңаша бағыт алуына, соның ішінде гендерлік парадигманың ауысуына себеп болды. Әйел мен ердің әлеуметтік рөліне, олардың қоғамдық өмірдегі орнына жаңаша көзқарастың қалыптасуы гендерлік мәселелердің тіл білімінде де өзекті тақырыпқа айналуына жағдай жасады.

Екіншіден, **лингвистикалық фактор**. Тілдің әлеуметтік қызметін кеңейтуге деген сұраныс, әлемдік лингвистикадағы жаңа бағыттардың дамуы қазақ тіл білімінде де айқын көрініс тапты. Әлемдік деңгейде тіл білімінің психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика және гендерлік лингвистика сияқты салаларының қарқынды дамуы отандық ғылымға да ықпал етті. Қазақ тіл білімінде аталған бағыттардың әдіснамалық ұстанымдары мен теориялық тұжырымдары қолданыс тауып, гендерлік зерттеулердің өрісін кеңейтті. Осылайша, саяси-әлеуметтік және лингвистикалық факторлардың бір арнаға тоғысуы қазақ тіл біліміндегі гендерлік бағыттың ғылыми негізде дамуына, тіл білімінің дербес зерттеу саласы ретінде қалыптасуына жол ашты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақ сөйлеу тілінің гендерлік ерекшеліктерін зерттеу барысында қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар, сондай-ақ ғылыми-этнографиялық еңбектер мен лексикографиялық деректер пайдаланылды. Сонымен қатар, «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», көркем әдеби шығармалар, этнолингвистикалық сипаттағы ғылыми еңбектер мен заманауи әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер материал ретінде қолданылды.

Қазақ сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктерді жүйелеу және талдау барысында төмендегі әдістер пайдаланылды:

- Мазмұндық талдау әдісі. Ерлер мен әйелдерге тән сөйлеу үлгілерінің фольклорлық мәтіндерде, көркем шығармаларда, мақал-мәтелдерде және ауызекі тілдегі қолданысын анықтау үшін мазмұндық талдау әдісі пайдаланылды. Бұл тәсіл арқылы гендерлік ерекшеліктердің этномәдени қызметі сараланды.

• Әлеуметтік-лингвистикалық көзқарас. Қоғамдағы ерлер мен әйелдердің сөйлеу тіліндегі айырмашылықтардың әлеуметтік және мәдени жағдайға тәуелділігі, олардың қоғамдық қатынастардағы орны зерттелді.

• Мәдени-тарихи талдау. Гендерлік ерекшеліктердің қалыптасуына ықпал еткен тарихи, діни, мифологиялық және әлеуметтік факторлар қарастырылды. Бұл әдіс арқылы ерлер мен әйелдер тіліне тән дәстүрлердің шығу төркіні, сақталу себептері мен уақыт өте келе өзгеріске ұшырауы зерделенді.

Жоғарыда аталған әдістерді қолдану арқылы қазақ сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктер тек тілдік деңгейде ғана емес, мәдени және әлеуметтік мазмұн тұрғысынан да жан-жақты қарастырылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Гендерлік зерттеулер – тіл біліміндегі жаңа бағыт. Гендер – әлеуметтік-мәдени ұғым, ал тіл – қоғамды бейнелеу құралы. Тіл әлеуметтік қатынастардың, әлеуметтік құрылымдардың және мәдени нормалардың көрсеткіші ретінде зерттеледі. Гендерлік зерттеулер тіл арқылы гендерлік қатынастарды, қоғамдағы рөлдерді және мәдени стереотиптерді түсінуге көмектеседі. Тілдің гендерлік ерекшеліктерін зерттеу кезінде, негізінен, ерлер мен әйелдердің сөйлеу әдістері, стилі және мінез-құлқының ерекшеліктері қарастырылады. Бұл ерекшеліктерді анықтауда модельдер мен стереотиптер, қоғамдағы жыныстық рөлдер, әйелдер мен ерлердің тарихи орны үлкен маңызға ие. Қазақ қоғамында гендерлік стереотиптердің сақталуы ерлер мен әйелдердің ауызекі сөйлеуінде, олардың сөздік қорында және қарым-қатынастағы айырмашылықтарда да көрініс табады. Мысалы, гендерлік айырмашылықтар лексика деңгейінде айқын көрінеді. Лексика тіл байлығының негізгі қабаты болғандықтан, ол әр жынысқа тән сипаттамаларды көрсетеді. Әйелдер эмоционалды сөздерді жиі қолданады. Мысалы, олардың сөйлеуінде «жақсы», «сүйкімді», «қамқор» сияқты сөздер жиі қолданылады, бұл олардың өздерін және басқаларды бағалауға және қолдауға бағытталғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, әйелдердің тілінде сәттілік, қуаныш және қамқорлық сияқты жағымды эмоцияларды білдіретін сөздердің жиі қолданылуы олардың қарым-қатынасына жылылық пен қолдау мәнін үстейді. Ерлердің сөйлеуінде мүлдем басқа тілдік бағыт бар. Олардың сөйлеу тілінде іскерлік және бәсекелестік рөлін көрсететін «табыс», «күш», «бәсеке» сияқты ұғымдар жиі қолданылады. Сонымен қатар, ерлер тілінде кемсітушілік пен жанжалға байланысты сөздердің жиі қолданылуы олардың талапты, агрессивті және белсенді мінез-құлқын сипаттайды.

Лексикалық айырмашылықтар, тілдің басқа аспектілері сияқты, адамдардың гендерлік рөлдерімен тығыз байланысты. Әйелдер мен ерлердің сөздік қорындағы айырмашылықтар олардың мәдени нормалар мен дәстүрлерді қаншалықты қабылдауын және тілдік коммуникациядағы мінез-құлқын көрсетеді. Бұл айырмашылықтар сөздік қорымен шектелмейді, сонымен бірге жалпы коммуникацияға да әсер етеді.

Қарым-қатынастағы гендерлік айырмашылықтар да айқын көрінеді. Әйелдер айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға және пікір алмасуға бейім. Олар сөйлесу кезінде жағымды атмосфера құру арқылы қарым-қатынасты нығайтуға тырысады. Мысалы, әйелдер әңгімелесушіні қолдауға, оған көмектесуге немесе ұсыныстар жасауға тырысады. Олар сондай-ақ диалогқа қатысу кезінде басқалардың пікірін ескереді және тыңдаушыға әсер етудің әртүрлі әдістерін қолданады. Бұл әдістер әйелдердің сөйлеуі ынтымақтастыққа бағытталғанын дәлелдейді. Ерлердің коммуникациялық стратегиялары басқаша. Ер адамдар көбінесе бәсекелестік жағдайларда сөйлеседі және пікірталастар мен іскерлік әңгімелер кезінде әңгімелесушімен қарым-қатынас орнатуда сындарлы, бірақ кейде қатаң әдістерді қолдануға тырысады. Олар өз көзқарастарын қорғау үшін құрылымдық сөйлеу мен аргументті қалайды және қажет болған жағдайда

агрессивті әдістерге жүгіне алады. Мұндай жағдайларда ерлер тілі «менің көзқарасым», «менің ұсынысым» сияқты белгілермен ерекшеленеді және олардың жеке пікірлерін нақты білдіруге бағытталған.

Тілдік қарым-қатынастағы гендерлік айырмашылықтар да айқын көрінеді. Мәселен, әйелдер айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға және пікір алмасуға бейім. Олар сөйлесу кезінде жағымды атмосфера құру арқылы қарым-қатынасты нығайтуға тырысады. Әйел заты әңгімелесушіні қолдауға, оған көмектесуге немесе ұсыныстар жасауға бейім келеді. Олар сондай-ақ диалогқа қатысу кезінде басқалардың пікірін ескереді және тыңдаушыға әсер етудің әртүрлі әдістерін қолданады. Бұл әдістер әйелдердің сөйлеуі ынтымақтастыққа бағытталғанын дәлелдейді. Ал, ер адамдар көбінесе бәсекелестік жағдайларда сөйлейді және пікірталастар мен іскерлік әңгімелер кезінде әңгімелесушімен қарым-қатынас орнатуда сындарлы, бірақ кейде қатаң әдістерді қолдануға тырысады. Олар өз көзқарастарын қорғау үшін құрылымдық сөйлеу мен аргументті қалайды және қажет болған жағдайда агрессивті әдістерге де жүгіне алады. Мұндай жағдайларда ерлердің сөзі «менің көзқарасым», «менің ұсынысым» сияқты олардың өзіндік пікірін сипаттайтын сөздермен ерекшеленеді.

Тіл қазақ халқының әлеуметтік-мәдени өмірінде ерекше рөл атқарады. Ауызша сөйлеу арқылы адам өзінің әлеуметтік ортасын, дүниетанымын және тіпті жыныстық болмысын да білдіреді. Сондықтан гендерлік айырмашылықтар тілдің табиғи бөлігі болып табылады және ұлттық мәдениетпен тығыз байланысты.

Қазақ қоғамында ерлер мен әйелдердің өз рөлі мен міндеттері бар. Ер адамдар дәстүрлі түрде отбасында, қоғамдық істерде және еңбек нарығында жетекші рөлдерді атқарса, әйелдердің рөлі көбінесе үй шаруасымен, бала тәрбиесімен және әлеуметтік байланыстарды нығайтумен байланысты. Мұндай әлеуметтік саралау сөйлеу стиліне тікелей әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, әйелдер әдетте сөйлесенде жұмсақ, эмоционалды сөйлеу стилін қолданады. Олар көбінесе интонация мен экспрессияны қолданады, сөйлеу барысында синонимдер мен метафораларды, идиомалармен жиі қолданады. Бұл қолданыс әйелдердің тілін бейнелі және эмоционалды етеді. Ер адамдар, керісінше, нақтылық пен нәтижеге бағытталған сөйлеу мәнерін тандайды. Олар ақпаратты тікелей жеткізуге, фактілер мен дәлелдерді ұсынуға баса назар аударады. Ерлердің сөйлеуі қысқа және дәлдікпен сипатталады, өйткені олар талқылау барысында шешімдерді, ұсыныстарды немесе дәлелдерді нақты жеткізуге тырысады.

Бұл айырмашылықтар тілдік қарым-қатынас процесінде түсініспеушілікке әкелуі мүмкін. Әйелдер мен ерлердің сөйлеу мәнерлерінің ерекшеліктері олардың қарым-қатынасында шектеулер тудыруы мүмкін, ал кейбір жағдайларда үйлесімсіздікке әкелуі мүмкін.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ер адам отбасының тірегі және қорғаушысы, ал әйел ұрпақтың қамқоршысы, отбасының ошағы болып саналады. Бұл әлеуметтік рөлдер олардың сөйлеу дағдыларында да айқын көрінеді. Ерлердің сөйлеу тілінде батылдық, шешендік және дәлдік басым болса, әйелдердің сөйлеуі сыпайылықпен, эмоционалды бояумен және жылы қарым-қатынасқа бейімділікпен сипатталады.

Гендерлік айырмашылықтар ер мен әйелдің сөздік қорында ғана емес, сөйлеу стилінде де байқалады. Әйелдердің сөйлеуі әуезділікпен, эмоционалдылықпен және бейнелі өрнектердің көптігімен ерекшеленеді, ал ерлердің сөйлеуі көбінесе сөйлемдердің қысқалығымен, нақтылығымен және логикалық дәлдігімен сипатталады. Демек, сөйлеу стиліндегі бұл айырмашылықтар олардың қоғамдағы орнымен және міндеттерімен де тығыз байланысты.

Сонымен қатар, тілдік қарым-қатынас тек стильдік ерекшеліктермен шектелмейді, сонымен қатар паралингвистикалық амалдар арқылы да ерекшеленеді. Дауыс ырғағы, ым-ишара және дене тілі сияқты вербалды емес әрекеттер ерлер мен әйелдердің тілдік бейнесін толықтыра түседі, соның негізінде ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас процесінде айқын гендерлік айырмашылықтар байқалады. Биологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерге байланысты кейбір ым-ишара және дене қимылдары тек әйелдерге, ал басқалары тек ер адамдарға тән болып келеді. Мысалы, ерлерге тән ишаралардың қатарына *төс соғыстыру, сақалын сипау, сақалының ұшыын тістеу, бөркін аспанға ату* сияқты әрекеттерді жатқызуға болады. Аталған қимылдар ер адамдарға тән батылдықты, намысты немесе қуанышты білдіретін символдық сипатқа ие. Әйелдерге тән ым-ишаралар нәзіктік пен әдептілікті бейнелесе, екі жынысқа ортақ ым-ишаралар әлеуметтік қарым-қатынасты реттеудің әмбебап тәсілі ретінде қолданылады. Ер адамдардың тілдік қатынаста жиі пайдаланатын бейвербалды әрекеттері де олардың қоғамдағы мінез-құлқы мен әлеуметтік рөлін бейнелейді. Мысалы, *креслоға шалқайып отыру, аяғын кең ашып тұру, желкесін қасу, алақанын ысқылау, үстелді жұдырықпен соғу, қолын соғу, тізесін жұдырықпен қағу, кеудесіне қол қою* тәрізді ым-ишаралар ер адамдардың өзіне сенімділігін, күштілік пен үстемдікке ұмтылысын білдіреді. Ал әйел заты көп жағдайда мүлдем басқа қимылдарды қолданады. Олар күйзеліске түскен жағдайында *саусақтарын сыртылдану* арқылы ішкі толқуын білдіреді; қорыққанда *көзін алақанымен жабу* – әлсіздік пен қорғану белгісін көрсетеді; наразылық немесе табандылық танытқанда *екі бүйірін таяну* ишараты жиі кездеседі. Сонымен бірге, ұялғанда *бетін алақанымен көлегейлеу* немесе қысылғанда *жүзігін айналдыру* сияқты ым-ишаралар әйелдердің нәзіктігін, эмоцияға берілгіштігін сипаттайтын бейвербалды амалдар болып табылады.

Ерлер мен әйелдер сенімсіздік тудырғанда немесе мазасызданған кезінде әртүрлі бейвербалды амалдарды қолданады. Мәселен, бұл жағдайда әйелдер гүл шоғы, әмиян, орамал, шарф немесе желдеткіш сияқты заттарды еріксіз қозғалысқа келтірсе, ер адамдар галстукты, көйлек түймелерін, сағатты немесе оттықты қозғап, күртешесін шешіп, темекіні мыжғылап, үстелді соғу арқылы ішкі күйзелістерін білдіре алады.

Қазіргі ғылым адамның өмірімен тікелей байланысты аспектілерді – оның санасы мен дүниетанымын, шындықты қабылдау мен түсінудің ерекшеліктерін, сондай-ақ тілдегі осы процестердің көрінісін жан-жақты қарастыру мүмкіндігіне ие. Тиісінше, қазіргі тілдік зерттеулерде ғалымдардың назарын аударған антропоцентристік бағыт адам өмірінің жеке және әлеуметтік аспектілеріне қызығушылық арттырып отыр.

Қазақ қаламгерлері ерлер мен әйелдердің сөйлеу ерекшеліктерін дәл сипаттап, олардың бейнесін тіл арқылы жеткізе білді. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында ерлердің сөйлеу тілінде ойдың батылдығы мен айқындығы басым. Құнанбайдың *«Елді бастау – нардың жүгін көтеру. Ердің сөзі – елдің аманаты»* деген ой-тұжырымы ойлаудың ауырлығын және ер адамның көшбасшылық сипатын көрсетеді. Мұндай сөйлемдер қысқа, бірақ нақты ойды, үстемдік үнін білдіреді. Романдағы әйелдердің тілі көбінесе мейірімділік пен эмоционалды бояумен сипатталады. Зере әженің Абайға айтқан сөздері мейірімділік пен тәрбиелік мәнге толы: *«Қарағым, білімді бол, елге пайдаң тисін. Жақсылыққа ұмтылсаң, жолың ашылады»*. Мұнда әйел тіліне тән қамқорлық, сүйіспеншілік пен ізгі тілектер айқын сезіледі.

Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында әйелдің бейнесі мен тілі де ерекше түрде ұсынылған. Ұлпанның сөздері нәзіктікпен қоса, оның отбасының қорғаушысы және ел тағдырына арасушы тұлға екенін көрсетеді. Ұлпанның ерлерге тән батылдығына

карамастан, оның сөздерінде әйелдерге тән даналық пен шеберлік бар: *«Ердің ісін әйел де тындыра алады, бірақ әйел сөзіне сенім болмаса, елге сүйек болады».*

Гендерлік айырмашылықтар айтыс өнерінде де айқын көрінеді. Мысалы, Сара Тастанбекқызы мен Біржан салдың айтысында Сараның сөзі нәзік, эмоционалды, кейде дәлелдерге негізделген болып келсе, Біржанның сөздері қатал әрі өрескел. Бұл ерлер мен әйелдердің түрлі сөйлеу мәдениетіне ие екендігіне нақты мысал. Сонымен қатар, қазақ халық ертегілеріндегі әйел кейіпкерлерінің сөздері де мейірімділікпен, қамқорлықпен ерекшеленеді. Ал батырлық жырлардағы ер кейіпкерлер тілінен батылдықты көреміз. Мысалы, «Қобыланды батырда» Қобыландының сөзі қысқа да кесек болып келсе, Құртқаның тілінде болжампаздық, аналық қамқорлық, даналық ойлар басым.

Бұл әдеби мысалдар ерлер мен әйелдердің сөздері тек тілдік құралдармен ғана емес, ішкі әлеммен және әлеуметтік рөлдерімен де байланысты екенін көрсетеді. Көркем шығармаларда гендерлік айырмашылықтарды көрсете отырып, жазушылар халықтың дүниетанымын, мәдени құндылықтарын, қоғамдағы ерлер мен әйелдердің орны мен қызметтерін терең көрсете алды.

Бүгінгі таңда қазақ тіліндегі гендерлік айырмашылықтар ерлер мен әйелдердің сөйлеу тілдерінен байқалып отырады. Ал тілдік мінез-құлқындағы айырмашылықтар көбінесе қарым-қатынас саласына, әлеуметтік ортаға және тіпті технологиялық кеңістікке байланысты өзгерістерге ұшырауда.

Гендерлік айырмашылықтар қазіргі қазақ жастарының жаңа формада сөйлеуінде көрінеді. Әйелдер көбінесе эмпатиялы, жүректерді және әлеуметтік желілердегі нәзік суреттерді өз сөздеріне мәнерлі реңк беру үшін пайдаланады. Ер адамдар, керісінше, қысқа, қысқа және кейде тікелей хабарламаларды жиі пайдаланады. Бұл дәстүрлі сөйлеу стилі жаңа технологиялық кеңістікте жалғасып жатқанын көрсетеді.

Қызметтік қатынастарда ерлердің сөйлеу тілінде бұйрық рай тұлғасындағы құрылымдар басым болып келеді, ал әйелдердің сөйлеу тілінде келісімге шақыру, татуластыру бағытындағы сөйлемдер жиі кездеседі. Мысалы, қызмет барысында ер адам «Мынаны бітіріңдер!» деп бұйыра сөйлесе, әйел әріптес «Осыны бірге аяқтап жіберсек қайтеді?» деп тілек мәнінде айтады. Бұл сөйлеу этикетінде гендерлік ерекшеліктердің белгілерінің сақталуын көрсетеді.

Қазіргі таңда гендерлік айырмашылықтар урбанизация процесіне байланысты да өзгере бастады. Қалалық әйелдер өз сөздерінде ағылшын тілінен алынған сөздер мен қысқартуларды жиі қолданса, ерлер сөйлеуінде кәсіби жаргондар мен қысқа бұйрықты сөйлемдер басым болып келеді. Ауылдық жерлерде дәстүрлі сөйлеу үлгілерінен ауытқушылықтар байқалады. Бұл қазіргі ғаламтор желілерінің әсері деп білеміз.

Қазіргі қазақстандық қоғамда әйелдер барған сайын әлеуметтік белсенді бола түсуде. Бұл олардың сөйлеу тілінде де көрінеді: әйелдер ерлерге тән батыл, сенімді сөйлеу стилін игере бастаса, ер адамдар кейбір жағдайларда нәзіктік пен эмоционалдылықты қолданудан тартынбайды. Осылайша, қазіргі қоғамда гендерлік айырмашылықтар біршама өзгеріске түсті.

Қорытынды. Қазіргі уақытта гендерлік лингвистиканы зерттеуде ерлер мен әйелдердің тілдік қатынаста сөздерді қолдану ерекшеліктеріне басты назар аударылып отыр. Осыған байланысты әлемнің көптеген елдерінің ғалымдары тілдегі гендерлік айырмашылықтар туралы мәселені көтеріп, жан-жақты ғылыми зерттеулер жүргізуде.

Әйелдер мен ерлерге тән мінез-құлық сипаттамалары белгілі бір стереотиптік түрде қалыптасады. Бұл сипаттамалар, негізінен әйелдік пен еркектікті болмысты анықтайтын әмбебап қасиеттер ретінде қарастырылады. Мысалы, әйелдерге қатысты жұмсақтық, нәзіктік, мейірімділік, сезімталдық, күмәншілдік, сақтық пен байқағыштық,

құбылмалылық пен тұрақтылық, отбасылық жылуды сақтаушының бейнесі жиі бейнеленеді. Ерлерге қатысты көшбасшылық, мықтылық, шешім қабылдаушылық, қаттылық, жауынгерлік рух және отбасын асыраушы рөлі туралы стереотиптер қалыптасты.

Қоғамның тарихи дамуы барысында қалыптасқан дәстүрлі қағидалар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер ерлер мен әйелдердің қоғамдағы орнын көрсетеді және олардың әлеуметтік мәртебесі туралы бай мәлімет береді. Қазақ халқының әйел туралы көзқарастары мен түсініктері ғасырлар бойғы өмірлік тәжірибемен жетілдірілген және реттелген халық даналығының құнды қазынасы мақал-мәтелдерде көрініс тапты.

Қазақ тіліндегі гендерлік айырмашылықтар ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлердің, әдет-ғұрыптар мен мәдени құндылықтардың көрінісі болып табылады. Егер ерлердің сөйлеу тілінде қысқалық, дәлдік пен батылдық басым болса, әйелдердің сөйлеуінде нәзіктік, эмоционалдылық пен ізеттілік жиі көрінеді. Бұл айырмашылық тек лексикадан ғана емес, сөйлеу стилінен, интонациядан және вербалды емес кимылдардан да байқалады.

Қазіргі қоғамда бұл ерекшеліктер жаңа сипатқа ие бола бастады: әлеуметтік желілерде тілді қолдану, кәсіби ортадағы қарым-қатынас үлгілері, урбанизация және мәдени әсерлер гендерлік сөйлеудің кейбір аспектілерін өзгертті. Әйелдер ерлерге тән батыл сөйлеу үлгілерін игерсе, ер адамдар кейбір жағдайларда эмоционалды, нәзік сөздерді қолданудан тартынбайды. Бұл гендерлік тіл үлгілерінің уақыт өте келе қоғамға бейімделетінін дәлелдейді.

Сөйлеу тіліміздегі гендерлік ерекшеліктер – қоғамның мәдени құрылымы мен әлеуметтік динамикасын түсінудің маңызды факторы болып табылады. Тіл – бұл ақпарат алмасу құралы ғана емес, сонымен бірге адамның қоғамдағы орнын анықтайтын өзара әрекеттесу құрылымы. Тілдік қатынастағы гендерлік аспектілердің рөлі ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас рөлдерінің, стильдерінің және стратегиялық әдістерінің қалай қалыптасатынын және олардың әлеуметтік қатынастарға қалай әсер ететінін көруге және түсінуге мүмкіндік береді.

Әйелдер мен ерлер арасындағы сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер гендерлік стереотиптердің болуымен тікелей байланысты. Гендердің әлеуметтік рөлдерін айқындайтын Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрлері коммуникация нысандары мен құралдарының кең спектрін ашады. Қазақ мәдениетінде әйелдің рөлі көбінесе отбасылық жылулық, аналық мейірімділік сияқты байланыстарды нығайтуға бағытталған сөйлеу стилінде көрінеді. Ерлерге тән сөйлеу стилі, керісінше, көбінесе айқындыққа, талапшылдыққа және бәсекелестікке негізделген. Нәтижесінде гендерлік стереотиптер қазақ қоғамында әлі де белсенді және оларды тілдік қатынас процесінде ескеру қажет.

Гендерлік айырмашылықтарды түсіну әлеуметтік өзара әрекеттесуді оңтайландыру үшін ғана емес, сонымен қатар әйелдер мен ерлер арасындағы ынтымақтастықты, түсіністік пен құрметті нығайту үшін қажет. Әйелдер мен ерлер бір-бірінің сөйлеуіндегі айырмашылықтарды танып, қабылдағанда, олардың арасындағы қарым-қатынас үйлесімді болады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы әлеуметтік келісім мен тәртіпті сақтауға ықпал етеді. Сондай-ақ қоғамда этикалық нормалар мен моральдық құндылықтарды ескере отырып, гендерлік теңдікті нығайтуға бағытталған мәдени-ағарту бағдарламаларын ұйымдастыру қажет. Тілдік гендерлік айырмашылықтар туралы білімнің кеңеюі жастардың, әсіресе оқушылар мен студенттердің лексикалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы, гендерлік зерттеулердің нәтижелері қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар мен мәдениетті дамытудың маңызды аспектілерін ашады. Сондықтан бұл

мәселені одан әрі зерттеу және тереңдету – қазіргі қоғамдағы гендерлік қатынастарды жаңа парадигматикалық тұрғыдан қарауға мүмкіндік беретін кеңістік

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Валиханов, Ч. Следы шаманства у киргизов [Текст] / Ч. Валиханов // Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Каз. сов. энциклоп., 1985.

2 Алтынсарин, Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары [Текст] / Ы. Алтынсарин. – Алматы: Рауан, 1991.

3 Байтұрсынов, А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу [Текст] / А. Байтұрсынов ; құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991.

4 Хасанұлы, Б. Концепция Х.К. Жубанова в контексте гендерной лингвистики [Текст] / Б. Хасанұлы // Жұбанов тағылымы: материалы респ. ғылыми-теорет. конф. – Ақтобе, 2002. – С. 23–28.

5 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст] / Қ. Жұбанов. – Алматы: Ғылым, 1999.

6 Хасанұлы, Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері [Текст] / Б. Хасанұлы // Психоллингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: материалдары халықаралық конф. – Алматы, 2003. – С. 284–288.

7 Шоқым, Г. Тіл біліміндегі гендер мәселелері [Текст] / Г. Шоқым // ҚР ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. – № 6. – С. 23–26.

REFERENCES

1 Valikhanov, Ch. Sledy shamanstva u kirgizov [Traces of shamanism among the Kyrgyz]. In Sobranie sochinenii v piati tomakh [Collected works in five volumes]. Alma-Ata: Kazakh Soviet Encyclopedia, (1985). – (In Rus).

2 Altynsarin, Y. Tandamaly pedagogikalyyq muralary [Selected pedagogical heritage]. Almaty: Rauan, (1991). – (In Kaz).

3 Baitursynov, A. Ak zhol: Olender men tarzhimeler, publitsistikalyq maqalalar jane adebi zertteu [The White Path: Poems and translations, publicistic articles and literary research]. Comp. R. Nurgaliev. Almaty: Zhalyn, (1991). – (In Kaz).

4 Khasanuly, B. Kontsepsiia Kh.K. Zhubanova v kontekste gendernoi lingvistiki [H.K. Zhubanov's concept in the context of gender linguistics]. In Zhubanov tagylymy: materialy respublikanskoi nauchno-teoreticheskoi konferentsii [Zhubanov's heritage: materials of the republican scientific-theoretical conference]. Aktobe, (2002): 23–28. – (In Rus).

5 Zhubanov, K. Kazakh tili zhoenindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]. Almaty: Gylym, (1999). – (In Kaz).

6 Khasanuly, B. Kazak til biliminde genderlik bagytty qalyptastyrydyn ozekti maseleleri [Topical issues of forming a gender approach in Kazakh linguistics]. In Psikholingvistika jane aleymettik til bilimi: kazirgi kuii jane bolashaky: materialdary halyqaralyq konferentsiia [Psycholinguistics and sociolinguistics: current state and future: materials of the international conference]. Almaty, (2003): 284–288. – (In Kaz).

7 Shokym, G. Til bilimindegi gender maseleleri [Gender issues in linguistics]. Izvestiia Natsional'noi Akademii Nauk Respubliki Kazakhstan. Seriiia filologicheskaiia [Bulletin of the NAS RK. Philology Series], No. 6, (2003): 23–26. – (In Kaz).